



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№183
(20657)



30 қараша, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz

www.facebook.com/syrboiy_kz/

www.instagram.com/syrboiy_kz

https://twitter.com/syrboiy

t.me/syrboiy_kz

ҮКІМЕТ

АВТОЖОЛ ЖӘНЕ САУДА БИРЖАСЫ

ҚР Премьер-министрі Еліхан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет мәжілісінде автожол саласын, сауда биржаларын дамыту мәселелері қаралды. Ведомство басшылары мен кейбір өңір әкімдері атқарылған жұмыстар және алдағы міндеттер жайлы хабарлама жасады.

Жиында қызылша ауруының күрт өсуі күн тәртібінен тыс қаралды. Премьер-министр елімізде аурудың таралуын мүмкіндігінше тезірек тоқтату керектігін атап өтті.

Үкімет жиынынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, аталған мәселелер бойынша негізгі жұмыс бағыттарын белгіледі.

Биыл жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен 37,1 млрд теңге бөлініп, 603 шақырым автомобиль жолдары, көшелер және көпір өткелдері жөнделуде. Бүгінгі күнге бөлінген қаржының 71 пайызы игерілген. Келесі жылға мемлекеттік бағдарламалар аясында республикалық бюджетке 53 млрд теңгенің 84 жобасы ұсынылды. Әзірге 14,3 млрд теңгенің 31 жобасы қолдау тапты. Алдағы жылға межелеген индикаторлық көрсеткішті 90%-ға жеткізу үшін республикалық бюджеттен қосымша қаржы тартуға салалық министрлікпен жұмыс жүргізу қажет, – деді аймақ басшысы.

Қала, аудан әкімдері мен жауапты мекеме басшылары облыс

ста жол жөндеу және бюджеттен бөлінген қаражатты игеру барысын баяндады.

Жиын қорытындысымен Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне жол құрылысы жобаларына қаралған қаржыны жыл соңына дейін толық игеріп, автомобиль жолдары мен көшелерді салу, қайта жаңғырту, жөндеу, күтіп-ұстау жұмыстарының сапасын қатаң бақылауға алу тапсырылды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Президент тапсырмасына сәйкес әзірленген сауда биржаларын дамыту жөніндегі заң жобасын облыстағы орта және ірі кәсіпкерлік субъектілермен бірлесіп қарап, қажетті ұсыныстар енгізу міндеттелді. Мұнан бөлек, брокерлер мен клирингтік орталықтарды қаржы мониторингінің субъектісі санатына енгізу үшін зерделеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Үкімет отырысында күн тәртібінен тыс қаралған мәселе бойынша Нұрлыбек Машбекұлы жауапты сала басшыларына қызылшамен күрес жұмыстарын күшейтуді тапсырды.



1925 жылдың көктемі мен жазында мемлекеттік басқару органдары Сыр бойына көшірілді. Сол жылдың 15 сәуірінде Ақмешіт қаласында бүкіл Қазақстан еңбекшілері өкілдерінің басын қосқан Қазақ АССР Кеңестерінің V съезі салтанатпен ашылды. Бес күнге созылған съездің негізгі құжатында «Киргиз Республикасын «Қазақ Республикасы» деп, ал оның астанасы Ақмешітті Қызылорда деп атауға қаулы қабылданды.

АКУШЕРЛІК ТЕХНИКУМНАН ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖЕГЕ ДЕЙІН

Қызылорданың Қазақстан астанасы болуымен тарихтың жарқын беттері ашылды. Бұл кезде қалада тұрғын саны 22 577-ге жетті. Дал осы жылдары орта және арнаулы оқу орындары, өнеркәсіп және ауылшаруашылық мекемелерімен қоса, Қазақтың эпидемиология және гигиена институтының

негізінде егу лабораториясы, Қазақтың мал дәрігерлік-бактериологиялық және басқа да институттары құрылды. Міне, осы кезде Қызылорда қаласында әскери гарнизонның және шағын қалалық аурухана базасында республика бойынша орта буын медицина мамандарын даярлайтын алғашқы оқу орны бой көтерді.

4-бет



«Квант» механикалық зауытының басшысы Жаңабай Бекішев кейінгі кезде қызық кәсіпті қолға алуда. Бұл – білетінге табысты, білмейтінге таңсық іс. Бұрын өзге саланы дөңгеленткен кәсіпкер екі жыл шамасында калифорниялық қызыл шылаушын құртты көбейтіп, одан биогумус деп аталатын тыңайтқыш түрін алуда. Әзірге мол табысқа көнелмегенімен, тың саланы зерттеп келетініне 2 жылдай уақыт болыпты.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

ҚЫЗЫЛ ШЫЛАУШЫН – ҚЫП-ҚЫЗЫЛ АҚША, АЛАЙДА...



Фото: Ашық дереккөзінен

Бұл тыңайтқыштың ауыл шаруашылығына тигізетін пайдасы орасан зор. Жасыратыны жоқ, топырақтың тозып, эрозияға ұшырауы жаһандық проблемаға айналып бара жатқанын айтып, эколог ғалымдар дабыл қағуда. Жерді күтпесе, топырақтың құнарлығын сақтама, өнім алудан қаламыз. Біздің мақсат – биогумус өндіріп, оны қолданысқа енгізу арқылы табиғи таза әрі қауіпсіз өнім алуға күш салу. Қол-көсір пайдаға кенелуді көздегендер жерді аялап жатқан жоқ. Мол өнім алу үшін түрлі химиялық тыңайтқыштарды мөлшерсіз қосып, табиғатқа да, адам ағзасына да зиян келтіреді. Осы күні құнарсыз, нәрсіз жеміс-жидектер мен көкөністер көбейді. Аты жаман аурулар «жасарып» барады. Соған қарап-ақ жермен қоса, денсаулығы да өз қолымызбен құрттып жатқанымызды түйсінер кез келді, – дейді Ж.Бекішев.

Бүгінде әлем елдері органикалық тыңайтқыштарға ауысты. Соның бірі – калифорниялық қызыл шылаушын арқылы түзілетін биогумус. Дамыған елдер биогумуска ерекше мән береді. Біз болсақ оны енді ғана қолға ала бастадық. – Өзіміздің жер учаскеміз бар еді. Сол жерді осы мақсатқа пайдаланып көрейік деген идея келді. Бұл кәсіп түрін ғаламтор мен кітаптардан қарап, оның пайдасын қандай екенін көп іздедім. Көріп отырғандар бұл іс ертерек жолға

қойылған. Ал өңірде бұл кәсіпті енді қолға алып жатқандар бар. Бізде әзірге үлкен көлемде шығаруға мүмкіндік болмай жатыр. Өйткені оған мамандар керек. Екі жыл дегенде бұл саланы терең зерттеп, оның қыр-сырын үйренуіміз. Біздің мамандар көрші Түркістан облысының Сарыағаш ауданына барып, лимон өсіріп жатқан ауыл шаруашылығы мамандарының жұмысын көріп, олардан тәжірибе жинап келді. Егер оны үлкен көлемде өндіре алатын болсақ, шетелге шығаруға болады. Араб елдерінде бұл табиғи тыңайтқышқа қызығушылық өте жоғары екен. Бағасы қымбат болғандықтан, олар өзге мемлекеттерден сатып алатынын естідік. Төрт түліктің көңі, жемістердің қалдығы, жапырақтармен қоректенетін қызыл шылаушын құрттың пайдасы көл-көсір. Шамамен 150 машина көп түсіріп, оны оңдеуге екі жылдай уақыт жұмсадым. Осы кезеңде білместігіміз де, туындылар мәселелер де болды. Әзірге тәжірибе жинақтап, маман дайындау үстіндеміз. Бұл салаға мемлекет тарапынан қолдау болса, болашағы зор кәсіп, – деп толықтырды Ж.Бекішев.

Расында тың кәсіпті табыс көзіне айналдыруды қалайтындар көп. Бірақ жаңа бір іспен айналысу үшін уақыт пен тәжірибе керек. Облыста шылаушын құрт өсіруді қолға алған алғашқылардың бірі «Қазалы Агро КЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жайлы осыдан екі

жыл бұрын біздің басылым жариялаған екен. Ал шешелік Нұржан Құшаевтың да бұл кәсіпке қызығушылығы артып, одан табыс тауып келетінін аудандық газет жазыпты. Тың кәсіпке тәуекел ете алмай жүргендер де баршылық. Ең әуелі бұл кәсіпке айналысу үшін оған жергілікті жерде сұраныс болу керек дейді бізбен әңгімесінде Төрмұрат Ермағамбетұлы. Темірбетон өнімдерін шығаратын кәсіпкер кейінгі кезде

коммерциялық бағытта айналысушылар 10 жылдың шамасында көбейді.

Ең бірінші бұл кәсіп Шығыс Қазақстан, одан кейін Шымкентте бастаналды. Ал біздің облысқа енді-енді ғана енуде. Қызыл құрттардан шыққан биогумусы қанша партияға дейді. Демек, құрттарға берген тамақты өзінің денесі арқылы шығарып, қайтадан пайдалы табиғи тыңайтқышқа айналып береді. Ол үшін жейтін тамағында ешқандай иіс болмау керек. Құрттардың өңдеп берген биогумусында макро, микроэлементтердің барлығы болады. Тендесі жоқ органикалық тыңайтқыш.

Әсіресе, жеке шаруашылықтар үшін қажет. Тіпті қарапайым есік алдына гүл өсіру үшін де таптырмас дүние. Біздегі мәселе мұны өндірістік мақсатта пайдалану қиын болуда. Биогумус қай жерлерде өтімді? Әуелі соны зерттеу керек. Әрине өңірдің сортаң, сор, сілтілігі жоғары топырағына керемет тыңайтқыш. Бірақ әр нәрсенің екі жағы болды. Біздің өңірде оған сұраныс өте төмен. Мысалы, өндірістік көлемде жұмыс істеп тұрған жылыжай жоқ.

Біз бір нәрсені шатастырмауымыз керек. Тыңайтқыштар органикалық және минералдық болып екіге бөлінеді. Мысалы, органикалық тыңайтқыштар ұзақ уақыт әсер етсе, минералдық тыңайтқыштар синтетикалық жолмен алынғандықтан әсер етуі тез болады. Біздегі шаруа қожалықтары мен күрші егетіндердің барлығы минералдық тыңайтқыштарға жүгінеді. Тез өнім алу үшін минералдық тыңайтқышты таңдайды. Ал органикалық тыңайтқыш ұзақ әсер еткенімен оның ешқандай зияны жоқ. Биогумус жайлы Ресейдің Ковров қаласына барып оқып, барлық технологиясын сатып алып жасадық. Күзде жиналатын жапырақтар мен малдың көңін пайдаланып көрік. Бірақ өндірістік мақсатта қолдануда әлі де қиындатықтар бар. Дегенмен бұл іс әлі де жүйеге келмей жатыр. Шартты түрде айтар болсақ, бір тонна көннен құрттар 500 келі биогумус шығарып береді. Ал ең арзан деген биогумустың бір литрі 60 теңгені құрайды. Сонда есептей беріңіз, тонналар биогумус шығару үшін қаншама шикізат керек екенін. Егер әркім мұны өзінің есік алдындағы бау-бақшасына пайдаланатын болса, оған да күтім керек. Жай ғана жапырақ қалдығына не көңге құртты жатпесіз қарап отырмаған десеніз қателессіз. Оған да жылылық, жайылық керек. Сонда ғана олар тез көбейіп, тыңайтқыш береді. Малды қалай бордақылдасыз, дәл солай құрттардан өнім алу үшін де еңбек етуді талап етеді, – дейді ғалым.

Әр нәрсенің өлшемі бар. Ұрандап, қызыл құрт өсіріп, қып-қызыл ақшаға кенелемін деу қате пікір болады.

Қазақ күрші шаруашылығы институтының директоры ретінде мен биылдан бастап 2 гектарға биогумус тауып беруді сұраған едім, – деп жалғастырды сөзін С.Қосанов. – Бүкіл фермерлердер жиналып, маған 2 гектарға сөбілетін биогумус тауып бере алмады. Ал 100 гектарға жеткізу үшін қандай күш керек екенін өзіңіз топышлай беріңіз. Жай сөзбен ұрандау жеткіліксіз. Өзге облыстар ешқандай мемлекеттен қолдау болмаса да, бұл кәсіпті жеке қаржысы есебінен жолға қойған. Оларда сұраныс жоғары. Бізде біріншіден, егіншілік саласы мәдениетінің төмендігі, екіншіден органикалық өнімдерге сұраныстың аздығы бұл кәсіптің адымын аштырмай отыр. Өңірде қартоп пен күршітен және маусымдық кезеңде қияр мен қызанактан басқа ешқандай өнім алынбайды. Барлық көкөніс сырттан келеді. Сондықтан 80 мың гектар күршіті мұндай нәрсемен қамтамасыз ету мүмкін емес.



Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында мемлекеттің ішкі саясатын қалыптастыру, қоғамның тұрақтылығын нығайту маңызды міндеттің бірі болды. Осы орайда елдің ішкі ахуалын үйлестіріп, атқарушы билік пен азаматтық қоғам арасында байланыс орнатып, сапалы ақпарат алаңының қалыптасуын қамтамасыз ететін құзырлы мекеме құрылды.

Газиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ – МЕМЛЕКЕТ САЯСАТЫНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Дәлірек айтсақ, облыс әкімдігінің 2002 жылғы 30 қазандағы №526 шешіміне сәйкес «Қызылорда облыстық ішкі саясат департаменті» мемлекеттік мекемесі құрылды. Мекеменің негізгі бағыты бойынша мониторинг және тағдау бөлімі, қоғамдық ұйымдар және діни бірлестіктермен жұмыс, жұртшылықпен байланыс, ұйымдастыру-әдістемелік және құқықтық-қаржы бөлімі сияқты төрт сектор бойынша жұмыс жүргізілетін. Алғашқы құрылған кезде департаментте 12 адам қызмет етті. Ал 2004 жылы облыс әкімдігінің қаулысына сәйкес штаттық құрылым саны 18-ді құраса,

тағы қосымша әкімшілік бөлім, жаңартылған жұмыс жасау, ақпараттық саясат және бұқаралық ақпарат құралдары мониторингі, саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар және діни бірлестіктермен жұмыс, тағдау және мониторинг бөлімдерімен тығыз, жұмыс ауқымы кеңейіп түсті. «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» облыс әкімдігінің қаулысына сәйкес 2008 жылы аталған департамент «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып өзгертілді.

3-бет



ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

«ПАРАСАТ ЖОЛЫНЫҢ» ПӘРМЕНИ

Биыл облыста алғаш рет жас мемлекеттік қызметшілерді мәдени-көпшілік, интеллектуалдық және спорттық шараларға қатыстырып, нетворкинг алаңын құруға, қолдауға бағытталған «Парасат жолы» әлеуметтік жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында өткен шараларға мыңнан аса мемлекеттік қызметші белсенді қатысты.



Әлеуетін арттыру шараларын талқылады. Аймақ басшысы мемлекеттік қызметшілердің оң имиджін қалыптастыруда, тәжірибе, өзара пікір алмасу алаңына айналдыруда бұл шараның маңызы зор екенін атап өтті.

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруға, қызметтік өсуіне жағдай жасау ұдайы назарда. Биыл өңірде 96 мемлекеттік қызметкер қайта даярлаудан өтті,

697-сі біліктілік арттыру курстарында машығын жетілдірді. Өңірлік резервті қалыптастыру үшін құзыреттерді бағалауды жүзеге асыратын ассессмент қызметіне қажетті қаржы қаралуда. Аймақтағы мемлекеттік

қызметшілердің Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында білім жетілдіруіне, академия түлектерінің ел дамуы жолында аянабай еңбек етуіне қолдау білдіруге дайынбыз, – делі Нұрлыбек Машбекулы.

Өз кезегінде Ерлан Қуанышұлы облыс әкіміне көрсеткен қолдауы үшін алғыс айтып, алдағы уақытта да тиімді әріптестік орнатуға ниет білдірді.

Айта кетейік, Сыр өңірінде 3200-ден астам мемлекеттік қызметші түрлі салада еңбек етеді, 35 жасқа дейінгі 471 мемлекеттік қызметші бар. Олардың 20-сы – Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының, 3-уі – «Болашақ» бағдарламасының түлегі. Өткен жылы Қызылорда облысында 9 мемлекеттік қызметші Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының грантын иеленсе, биыл 6 мемлекеттік қызметші академияда жаңа білім дағдыларын меңгеруде.

БРИФИНГ

Биыл облыс үшін тарихи оқиғаларға толы жыл болды. Шежірелі өңірдің облыс болып құрылғанына 85, қалаға 205, ал бірқатар аудандардың 95 жылдық мерейтойы кең көлемде атап өтілді. Жыл аяқталар тұста облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында атқарылған жұмыстардың қорытындысы туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімінің аппарат басшысы Шаймардан Байманов айтты.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

ТАРИХИ МЕРЕЙТОЙЛАР ТОҒЫСҚАН ЖЫЛ



Бір жыл ішінде 100-ге жуық нысан ашылып, 1000-нан аса шара өтті. Сондай-ақ, «Сыр елі» энциклопедиясы, «Сыр елінің тарихы» кітабы, «Қызылорда облысы: 1938-2023» кітап-альбомы әзірленіп, баспадан шығарылды. Жақында кітаптың тұсауына қойылып, басып шығарылуда. Облыстың 85 жылдық тарихын айшықтайтын арнайы деректі фильм «Бұл – біздің Қызылорда» деп аталатын телесериал түсірілді. Бұл туынды да жуырда көрермен назарына ұсынылмақшы. Жалпы 12 сериялы құрайтын фильм YouTube платформасы арқылы көрсетіледі. Ш.Баймановтың айтуынша, егер көрермен көңілінен шығып жатса, әрі қарай оның жалғасын түсіруге қолдау болады.

Жалпы өңірде қандай да шараның басында ақпарат құралдарының өкілдері жүретіні белгілі. Бұл ретте аппарат басшысы облыстың медиа кеңістігінде 148 (13 мемлекеттік, 135 тәуелсіз) бұқаралық ақпарат құралы тіркелгенін айтты. Оның 120-сы баспа БАҚ, 26-сы интернет-сайттар мен ақпараттық агенттіктер және 2-уі телеарна. Қазір оның 61 пайызы тұрақты қызмет етеді.

Әділет департаментінде 1057 үкіметтік емес ұйым тіркелген. Оның 400-ге жуығы өңірдің рухани-мәдени, қоғамдық өміріне белсенді араласып, өз үлесін қосуда. Мемлекеттік этноасиятық жүзеге асыруда облыстық ҚХА құрамында 11 этномәдени бірлестік аудандарда 5 этнобағытталған үкіметтік емес ұйым және 9 қоғамдық құрылым жұмыс атқарады. Сонымен қатар Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығымен тығыз әріптестік байланыс орнатылған. Азаматтық қоғам институтын дамытуға биыл 2 316 872 мың теңге қаржы бөлінген. Ал жастар саясатына бөлінген қаржы өткен жылмен салыстырғанда 3 есе артып отыр.

Халықты жұмыспен қамту орғандары арқылы 14 мыңға жуық жас жұмыспен қамтылған белсенді шараларына тартылды. Кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы аясында жалпы несие портфелі 3,1 млрд теңгені құрайтын жас кәсіпкерліктің 65 жобасы субсидияланды. Жастардың кәсіпкерлік бастамасын қолдауға арналған 2,5% пайызбен жеңілдетілген несие беру арқылы 2,3 млрд теңгеге 504 жастың өтінімі мақұлданды. Қабылданған жұмыстардың нәтижесінде, жастардың жұмыссыздық деңгейі өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 3,5 пайызға төмендеді, – делі Ш.Байманов.

Облыстың мәдениет және спорт саласында бірқатар ауқымды істер бар. Саланың биылғы басты жаныналы – тұңғыш симфония оркестрінің құрылуы айтуға болады. Облыс әкімінің мәдениет және әдебиет өкілдеріне арналған арнайы «Тұран» сыйлығы табысталды. Алғаш рет композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кеңес Дүйсекеев атындағы «Туған жер» I халықаралық әншілер конкурсы өтті. Тұңғыш рет «Айтыс олимпиадасы» облыстық бала-лар мен жасөспірімдер айтысы өткізілді. Бірінші рет Сыр жас ақындарының Алматыдағы поэзия күндері өтті. Араға 17 жыл салып, Н.Бекжанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының Алматы қаласында гастрольдік сапары ұйымдастырылып, 10 маман Италия, Беларусь мемлекеттерінде біліктілігін арттырды. Мүмкіндігі шектеулі өнерпаздардың шығармашылығын шыңдауға арналған «Арман» инклюзивті театры іске қосылды. Қызылорда қаласы әкімдігі жанында үйірме ретінде жұмыс жасап келген «Жастар театры» өз алдына кәсіби ұжым болып қайта құрылды. Көпфункционалды 1000 орындық «Өнер орталығының» құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Сыр өңірінде бірнеше жылдар бойы жүргізілген археологиялық жұмыстардың нәтижесінде «Шірік Рабат саябағы» және «Сығанақ ханшайымы» реконструкциялары жүргізілді. Жасан күндері облыстық музейге табысталды. 8-9 желтоқсанда Астана қаласында Қызылорда облысының өнер күндері өткізілді.

Спорт саласында да жүлделер аз емес. Қытайдың Хуанчжоу қаласында өткен XIX Жазғы Азия ойындарында 6 спортшы, IV Жазғы Пара Азия ойындарында 2 спортшы сәтті өнер көрсетіп, жүлденен оранды. Қамшыбек Қонабаев бокстан, Мөлідр Жанбырбай қара таяқпен күміске ие болды. Мағжан Шамшадия, Аблайхан Жұбаназар, Шахрхан Нұрлыхан дзюдодан, Айжан Досмағамбетова стенд атудан қола жүлдеге қол жеткізді.

Пара Азия ойындарында дзюдодан Олжас Оразалыұлы алтын, отырып ойнау волейболынан кәсіби спортшы Эрик Қасқабаяв пен Шыңғыс Мелеуов ел құрамасы сапында ойнап, күміс жүлде еншіледі. Бұдан бөлек қара таяқпен өткен Әлем чемпионатында Мөлідр Жанбырбай Әлем чемпионы, самбодан жасөспірімдер арасында Нұржан Тұрмабаев жеңімпаз атанды. Спорттың қара таяқ түрінен тарихындағы тұңғыш Әлем чемпионы Сыр өңірінен шығуы – үлкен жетістік.

Брифинг соңында журналистер ұсыныс-тілектерін жеткізіп, сауалдарына жауап алды.

БРИФИНГ

ЭКОНОМИКАДА ІЛГЕРІЛЕУ БАР



Қызылорданың әлеуетті облысқа айналуына экономикалық секторда қол жеткізген табыстар ықпалын тигізгені айдай ақиқат. Елімізде бұрынғы жоспарлы экономиканың орнына нарықтың талаптарына толыққанды жауап бере алатын заманауи үлгідегі экономика қалыптасып келеді. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте облыс әкімінің орынбасары Данияр Жаналинов айтты.

Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Бүгінде облыс экономикасында тұрақты даму қарқыны сақталуда. Биылғы жылдың 10 айында барлық негізгі макро-көрсеткіштер бойынша өсім қалыптасты.

Оның ішінде өнеркәсіп өнімі – 1,3 пайызға, өңдеуші өнеркәсіп көлемі – 24,2 пайызға, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі – 2,6 пайызға, инвестиция тарту – 27,7 пайызға, құрылыс жұмыстары – 21,2 пайызға, көлік және қоймалау – 8,8 пайызға, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі – 16,7 пайызға және сауда көлемі 4,3 пайызға артты.

Мұнай өндіру көлемінің төмендеуі салдарынан бірнеше жылдар бойы төмендеу тенденциясын көрсетіп келген өнеркәсіп өндірісі көлемі қайта өсу сатысына шықты. 10 ай ішінде өнеркәсіп саласында 847,9 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 1,3%-ды құрады, – делі Данияр Жаналинов.

Бұдан бөлек, өңірде құрылыс индустриясы саласында 52,4 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Оған қоса, машина жасау саласында 19,6 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 31,7%-ды құраған.

Ал облыс бюджетінің көлемі 609 млрд теңгені құрап, бұл бекітілген бюджетпен салыстырғанда 13,4 пайызға өскен.

Биыл облыс бюджетінің әлеуметтік бағыты сақталды. Бұл салаға 370 млрд теңге бағытталды. 10 айдағы облыстық бюджет кірістерінің жоспары 40,9 млрд теңгені құраса, нақты 44,2 млрд теңгеге орындалды. Жоспардан тыс түскені 3,3 млрд теңге.

Түсімдер қарқыны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 12,6 млрд теңгені құрады.

Бюджет қаржысын игеру бойынша Қызылорда облысы республика өңірлері арасында IV орында тұр. 2023 жылдың қаңтар-сәуір айларындағы шығындар жоспары 98,9 пайызға орындалды. Игерілмегені 4,8 млрд теңге, – делі облыс әкімінің орынбасары.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің 2023 жылға жоспарланған жеке-сіне қол жеткізу және бюджет қаржысын 100 пайыз игеруді қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыстар жыл соңына дейін жалғаса бермек.



Фотос: Аиша Әлжанқызы

МӘСЛИХАТ МІНБЕРІ

Мемлекетке қызмет ету жолында әрбір азаматтың өз міндетіне деген берік ұстанымы және биік жауапкершілігі болуы тиіс. Өйткені оған халық, яғни қоғам сенім артып отыр. Айта кетейік, бүгінде тәжірибеге енгізілген жергілікті биліктегі әкімдерді халықтың сайлауы да осының бір көрінісі болса керек. Бұл орайда «Аманат» партиясы атынан ел сенімін арқаалаған жергілікті мәслихат депутаттарының да аманат жүгі жеңіл емес.

Қоғаммен, әлеуметпен тұрақты байланыста отырып, көптің көкейінде жүрген күрделі мәселелерді салмақтап, саралап, өз деңгейінде шешілуіне барынша үлес қосып жүрген облыстық мәслихат депутаты, облыстық мәслихаттың экономика, әлеуметтік және құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Балжан Шәменованың өңімелескен едік.



ӨМІР АҒЫМЫНА САЙ ӨЗГЕРІСТЕР ҚАЖЕТ

Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму бағытын жетік білетін тәжірибелі маманын бірізсіз. Сіздің ойыңызша, өңірде шешімін таппай тұрған қандай өзекті мәселе бар?

Халықтың аманатын арқаалағаннан кейін бүгінгі күні елдің тұрмыстық әлеуеті қандай, егін егіп, мал бағуға мүмкіндігі бар ма? Осы жағдайды барынша назардан тыс қалдырмауға тырысамыз. Өйткені қазір ауылдық жерде тұрғындардың басым бөлігі егінмен айналысатын шаруашылықтарда еңбек етеді. Одан өзгесі өз алдына бау-бақша салып, мал өсіргісі келеді. Ал осы ретте ең өзекті болып отырған мәселе – аяқсу. Мысалы, аяқсу болмаса, егіннің өнімділігі күрт азаяды. Сондай-ақ, жайылым, шабындықтардың жайы да қиындай түседі.

Бұрын, судың мол кезінде бос жердің бәрі көк шалғын болатын. Қазір сол шалғын жерлерімиздің шаны бүркырап жатыр. Осы жағдайда ауыл тұрғынына мал өсір деп қалай талап қоямыз? Бау-бақшаның жайы да осыған саяды. Сондықтан бірінші кезекте, Сырдария өзенінің арнасын толтырып, аяқсудың мәселесін шешуіміз керек. Бұған байланысты облыс әкімі, облыстық мәслихат депутаттарының тарапынан Үкіметке, тиісті министрлікке ұсыныстар жолданды.

Тағы бір айта кетерлік жайт, заман талабына сай қазір ауылдық жерде ел адамның өмір сүру дағдысы, тіршілік қалауы көп өзгерген. Қалай десеніз, қазір ата-ана баласының сапалы білім алғанын, өнерін, шығармашылық қабілетін шындайтын үйірмелерге қатысқанын қалайды. Сол сияқты, күнделікті тірлікте заманауи тұрмыстық техникаларды пайдаланады. Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі ауылдың қала өмірінен аса көп айырмашылығы жоқ. Дегенмен, ауыл – алтын бесік, сан жылдардан бері сабағы үзілмеген ауыл тіршілігін жоғалтып алмауымыз керек. Жас отбасыларды ауылда тұрақтандыру үшін оларды мамандығына сай жұмыспен қамтып, тұрмыстық мәселелеріне қолдау көрсете білгеніміз жөн.

Өңірдегі азық-түлік бағасын тұрақтандыру бағытында облыс әкімінің бастамасымен, ауыл тұрғындарына бақшалық жер беру жұмыстары жүргізіліп, өздерінің билесізде. Міне, осы бастаманың әрі қарай жалғасын табуына, аяқсудың мәселесін шешуге ауыл, аудан әкімдері жауапкершілікпен қарауы қажет.

Өзіңіз білесіз, қазір көп мәселе әлеуметтік желі бетінде талқыланып жатады. Сіз бұған қалай қарайсыз? Елді толандырған сауалдар, ұсыныстар құзырлы орынға ресми жолдауы міндетті ме әлде әлеуметтік желінің де ықпалы бар ма?

Әлеуметтік желі – бүгінгі қоғамның бет-бейнесі десек, қателесе қоймаспыз. Өйткені онда әлемдік деңгейдегі жаңалықтардан бастап, ауылдық тыныс-тіршілігіне дейін түгел жарияланып отыр. Қоғамда қабылданғаны жатқан жаңа заңдар, әлеуметтік саланың мың-сан мәселесі әлеуметтік желі бетінде көпшіліктің талқысынан өтеді. Өрине, онда айтылып жатқан пікірлердің барлығын дүлдүрсі деуге келмейді. Кейде жүзесіз ұсыныс, жөнсіз талаптар да кездесіп жатады. Мысалы, бір үйдің жарығы өшіп қалғаны үшін бүкіл қоғамды жазыру ақына қонбайды. Алдымен, мәселе неден туындағанын анықтап, содан кейін ғана жауапты адамнан талап еткен жұмыс деп ойлаймын. Ал бірқай кейбір жағдайда өз жұмысына салық қарап, халыққа лайықты қызмет көрсете алмай отырған мекемелерге сын айтылып жатқанын көреміз. Бұл орынды. Өйткені қазір өмірдің ағымы өте жылдам. Кей мәселенің шұғыл шешілуі қажет.

Негізі, қайбір салада болсын, атқарылатын жұмыс ең алдымен, адам өмірін жақсартуға бағытталуы тиіс. Қандай бір жұмысты жоспарлағанда осы мәселені бірінші кезекте ойлауымыз керек. Егер бюджеттен бөлінген қаражат өз мақсатына сай жұмсалса, ел ішінде ешқандай қиындық туындамас еді. Ашықтық, жариялылық – бүгінгі қоғамның басты талабы. Сондықтан өмір ағымына қарай өзгеріс қажет.

Елдің аманатын арқаалаған депутат ретінде көптеген күрәмеулі мәселемен бетпе-бет келіп жүрісіз. Осы орайда депутат үшін азаматтық жауапкершіліктің салмағы қандай?

Әрбір депутат үшін азаматтық жауапкершіліктің салмағы өте жоғары. Өйткені ол халықтың сенімін арқалап, мойнына жауапкершілік алды. Ендігі кезекте елді толандырған мәселелерді зерттеп, зерделеп, нақты шешімін табуына қолдау көрсетуі керек. Оның ішінде облыс деңгейінде немесе республикалық деңгейде, яғни, министрліктің араласуымен шешілетін мәселелер де болады. Осындай жағдайда тұрғындардың әрбір ұсынысын назардан тыс қалдырмауымыз керек.

Менің ойымша, әрбір депутат, әрбір мемлекеттік қызметкер халық алдындағы өз жауапкершілігін терең сезінуі тиіс. Сонда ғана әділдік салтанат құрып, өзіміз күткен жарқын келешекке жол ашылады.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Газиза ӘБІЛДІ, «Сыр бойы»



ҚР Баскелестікті қорға агенттігінің өңіраралық инспекциясының бұйрығына сәйкес Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының келісімімен, «Облыстық «Сыр бойы» газетінің редакциясы және «Облыстық «Қызылорда» газетінің редакциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарын қосу арқылы облыстық ішкі саясат басқармасына қарайтын «Сыр медиа» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны құрылып, жарғысы бекітілді. Аталған кәсіпорын мемлекеттік тапсырыс бойынша елде, өңірде іске асырылып жатқан бағдарламалар, жобалар аясында қоғамдық-саяси және рухани, әлеуметтік бағытта тұрақты ақпараттық жұмыс жүргізеді.

Облыс әкімдігінің 2015 жылғы қаулысымен облыстық ішкі саясат басқармасына бұған дейін өз алдына дербес қызмет атқарып келген дін істері, жастар саясаты, тілдерді дамыту басқармалары біріктірілді. Ал 2016 жылы «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінен жастар саясаты саласындағы функцияларды бере отырып, «Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы» мемлекеттік мекемесі құрылды.

БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БАҒЫТЫ

Ішкі саясат басқармасы 2022 жылғы 22 сәуірде облыс әкімдігінің №543 қаулысына сәйкес «Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылды.

Осы қаулыға сәйкес «Қызылорда облысының дамыту істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі біріктірілген болатын. Ал, «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» облыс әкімінің 2023 жылғы 3 ақпандағы №20 қаулысымен «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз алдына бөлініп, қайтадан құрылды.

Бүгінде басқармаға қарасты 5 орталық (коммуналдық мемлекеттік мекеме) жұмыс жасайды. Оларда 250-ге (242) жуық қызметкер облыстың қоғамдық-саяси өмірінде белсенді қызмет атқарады.

Атап айтқанда, «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» КММ Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру және мемлекеттік бюджеттік сала қызметкерлеріне тілдерді оқыту курстарын ұйымдастыру, қолданыс аясын кеңейту бағытындағы жұмыстарды жүргізеді.

«Ақпараттық талдау орталығы» КММ күнделікті облыстағы қоғамдық-саяси ахуалды, елді мекендердегі, ұжымдардағы орын алуы ықтимал наразылықтарды анықтау және дер кезінде дұрыс шешім қабылдау жолдарын қарастырады.

«Өңірлік коммуникациялар қызметі» КММ облыс аумағында мемлекеттік ақпараттық-информациялық саясатты іске асырумен айналысады. Сондай-ақ, ҚР Президенті Жолдауынан туындаған мақсат-міндеттердің орындалуы мен мемлекеттік бағдарламалардың іске асуы, өзекті және проблемалық мәселелерді түсіндіру мақсатында БАҚ өкілдері үшін кездесулер, брифингтер, баспасөз конференцияларын, пресс турлар, сұхбаттар ұйымдастырады. Әр сала бойынша аймақта атқарылған жұмыстар туралы халықты кеңінен ақпараттандырады және қоғамда резонанс туғызған маңызды мәселелер жайлы жылдам әрі нақты хабарламаларды таратады.

«Қоғамдық келісім» КММ – облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз етеді және оның іс-шараларын өткізу жөніндегі функцияларды атқарады. Этномәдени және басқа да қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың ассамблеяның міндеттерін іске асыруға бағытталған жұмыстарына қолдау көрсетеді.

«Жастар ресурстық орталығы» КММ – жастардың бастамаларын ақпараттық-әдістемелік консультациялық сүйемелеуде мен қолдау, жастар ортасындағы ахуалға мониторинг пен талдауды жүзеге асырады. Сонымен қатар, жастардың әлеуметтік және жеке дамуына жәрдемдеседі, жастар ұйымдарының қызметін қолдайды.

Бүгінде облыстың медиа кеңістігінде қызмет ету үшін 148 (13 мемлекеттік, 135 тәуелсіз) бұқаралық ақпарат құралы тіркелген. Оның 120-сы баспа БАҚ, 26-сы интернет-сайттар мен ақпараттық агенттіктер, 2 телеарна бар. Қазір оның 61 пайызы тұрақты халыққа ақпарат таратады.

ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ – МЕМЛЕКЕТ СЯСАТЫНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ӨЛЕУЕТІ

Азаматтық қоғам институттарын жұмыс жүргізу де басқарманың басты міндеттерінің бірі. Әділет департаментінде 1057 үкіметтік емес ұйым тіркелген. Оның 400-ге жуығы өңірдің рухани-мәдени, қоғамдық өміріне белсенді араласып, өз үлестерін қосуда.

Қызылорданың облыс болып құрылғанына 85 жыл, қалаға 205, бірқатар аудандарға 95 жыл толды. Облыстың 85 жылдығы жыл көлемінде түрлі салада кең көлемде аталып өтуде.

Облыстық, қалалық және аудандық әкімдіктер жанындағы кеңестер мен комиссиялар құрамына 100-ден аса үкіметтік емес ұйым өкілдері тартылған. Бүгінде өңірде азаматтық қоғам институттарының басын біріктіретін «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» деп аталатын заңды тұлғалар бірлестігі бар. Сондай-ақ, ассоциацияның аудандарда өкілдері ашылып, жауапты жетекшілері бекітілген.

Облыста «AMANAT» партиясы, «Ақ жол» ҚДП, «Қазақстан Халық партиясы», «Ауыл» ХДПП, «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы», «Вауға» Жасылдар партиясы, «Respublika» партиясының облыстық филиалдары өз қызметін жүргізіп отыр.

Жыл сайын мемлекеттік тапсырыс арқылы азаматтық қоғам құрылымдарына қаржылай қолдау көрсету көлемі де ұлғайып келеді. Айталық, 2023 жылға 688 млн теңге қаржы қаралып, 19 салалық бағыт қамтылған.

Жылдық жоспарға сәйкес қоғамдық-саяси маңызды оқиғалар мен республика көлемінде өтетін атауды датарал бойынша облыстан шыққан азаматтардың мерейтойларына арналған тағалымды жиналар, өңірдің тарихи-мәдени және идеологиялық мазмұнын айықтайтын іс-шаралар кезең-кезеңімен өткізіліп келеді.

Түркі тілдес елдердің «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты халықаралық фольклорлық музыкалық өнер фестивалі, «Мерейлі отбасы - 2023» ұлттық конкурсының облыстық қорытынды кезеңі, Қазақстанның XI Азаматтық форумы қарсаңында «Азаматтық қоғам және мәдениет: Қазақстанның жанаруы бағытындағы құндылықтар мен басым бағыттар» атты өңірлік форум және облыстық әкелер форумы ұйымдастырылды.

Ұлт қайраткері Мұстафа Шоқайдың есімін ұлықтауға, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған халықаралық денгейдегі іс-шаралар біздің өңірде ұйымдастырылды.

Облыстың дамуында ерекше орны бар Қонысбек Қазантаев, Исатай Әбдіқаримов және Тәкей Есетов секілді мемлекет және қоғам қайраткерлерінің 100 жылдық мерейтойлары кең көлемде, түрлі форматтағы іс-шаралармен атап өтілді.

Облыстың 85 жылдығына орай «Сыр елі» энциклопедиясын қайта әзірлеп шығару, аймақ тарихын айықтайтын арнайы деректі фильм түсіру, облыс тарихына арналған кітап шығару және облыстың



85 жылдығына орай имидждік телесериал түсіру жұмыстары ұйымдастырылды.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ СЯСАТЫ

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру және «ҚР Тіл туралы» Заңы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бағытында тұрақты жұмыс жүргізіліп келеді. 2023 жылы мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға облыстық бюджеттен 126 млн теңге бөлінді. Оның ішінде «Тілдерді оқыту орталығына» 107 млн, 4 жобаға 19 млн теңге қаралған. Аймақ кетейік, облыстағы тілдерді оқыту орталығы арқылы мемлекеттік мекеме, кәсіпорын, ұйым қызметкерлеріне, сондай-ақ жеке тұлғаларға мемлекеттік орыс және ағылшын тілдерін оқыту курстары ұйымдастырылды.

Бүгінде тіл орталығының «Тыңда! Түсіні! Тіл үйрен!»; «Сөйлеу мәдениеті» және «Қазақ тілін кинофильмдер арқылы оқыту» атты әдістемелері республикалық денгейде үздік деп танылып, қолданысқа енгізілді. Жалпы мемлекеттік тіл саясатын іске асыру бағытында 35 іс-шара өткізіліп, оған 3000-ға жуық адам қамтылған.

Орталықтағы жүйелі жұмыстардың бір көнісі – тілдерді оқыту орталығының оқытушысы Гүлжанат Дүзенова А.Байтұрсынұлы атындағы мемлекеттік тіл оқытушыларының республикалық байқауында бас жүлдені, «Ең сауатты жарнама – тіл абыройы» атты республикалық байқауда облыс атынан Салтанат Байжанова жүлделі ІІІ орынды иеленді.

«Тарихи тұлғалар» есімін ұлықтау мәселесі бойынша 2 рет облыстық ономастика комиссиясының отырысы өткізіліп, тілді ұсыныстар ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне жолданды.

Облыста қазір «Қоғамдық тамақтану орындарындағы ас мәзірінің лингвистикалық базасын қалыптастыру» және «Қорнекі» жобалары қолға алынған. Мысалы, «Қорнекі» әлеуметтік жобасы аясында қаладағы 30 көшенің бойында орналасқан кәсіпкерлік нысандардың көрнекі ақпараттарына мониторинг жұмыстары жүргізілді. Осының аясында 187 кемшілік

ЖАСТАР СЯСАТЫНДАҒЫ ЖАҢА ЖОБАЛАР

Әлеуметтік саланың негізгі бағыттарының бірі – мемлекеттік жастар саясаты. Бұл орайда елімізде, аймағымызда күн сайын жаңа жобалар іске асырылып, тын бастамалар қолға алынууда. Нақты мерзімде аймақ халқының 30 пайызға жуығын 14 пен 35 жас аралығындағы жастар құрайды. Облыс көлемінде Байқоңыр қаласының жастарын қоса есептегенде 14 пен 35 жас аралығындағы 244 865 жас есепке алынған, жалпы халықтың 29,3 пайызын құрады. (111 556 (45,5%) – қала жастары, 133 309 (54,5%) – ауыл жастары).

Ал жастар саясатына бөлінген қаржы өткен жылмен салыстырғанда 3 есеге артты.

Биыл алғаш рет аймақ басшысының бастамасымен «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық тұрғын үй бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама аясында 100 пәтер табысталды.

Халықты жұмыспен қамту органдары арқылы 14 мыңға жуық жас (13 848) жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылды.

Кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жо-

басы аясында жалпы несие портфелі 3,1 млрд теңгені құрайтын жас кәсіпкерлердің 65 жобасы субсидияланды. Жастардың кәсіпкерлік бастамасын қолдауға арналған 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие беру арқылы 2,3 млрд теңгеге 504 жастың өтінімі мақұлданды.

Осындай қабылданған жұмыстардың нәтижесінде жастардың жұмыссыздық деңгейі өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 4,1 пайыздан 3,5 пайызға төмендеді.

Облыс көлемінде 10 Жастар ресурстық орталығы бар. Орталықтарда барлығы 146 маман қызмет етеді.

Жастарға арналған инфрақұрылымдарды дамыту бағытында да кешенді жобалар жүзеге асырылуда. Президент қолдауымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында аймақта құны 98 млрд теңгені құрайтын 21 мектеп салынды. «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен Қызылорда қаласында физика-математика бағытындағы 300 орындық мектеп-интернат пайдалануға берілді. Сондай-ақ, қала орталығында бой көтерген Өнер орталығы жыл аяғына дейін жұмысын бастайды. Тағы бір жағымды жаңалық, өңірімізден шыққан жанапаш азаматтардың демеушілігімен сол жағалаудан 650 орындық музыкалық колледж ғимаратын салу жобасы қолға алынды. Ал осыған дейін үйірме ретінде жұмыс жасаған «Жастар театры» аймақ басшысының қолдауымен, өз алдына театр ретінде құрылды. «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық тұрғын үй бағдарламасының жүзеге асырылатыны жастарға қуаныш сыйлаған жаңалықтың бірі екенін және айту керек.

Аймақ жастарының қатысуымен «А.Жұмаділдаев атындағы жас математиктер арасындағы халықаралық байқау», «Жайдарман» турнирі, «Тәуелсіздік ұрпақтары» байқауы, ерекше жастарға арналған 3 күндік лагері мен «Жастар балы», пробация есебіндегі жастар арасында өңірлік «Жастар спартакиадасы», жас мемлекеттік қызметшілер арасында облыстық интеллектуалдық ойын сияқты танымдық денгейдегі іс-шаралар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, 15 белсенді жасқа облыс әкімінің «Сыр үміті» жастар сыйлығы табысталды.

ДІНИ АХУАЛ ДЕНГЕЙІ

Қызылорда облысы әкімдігінің «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» 2023 жылғы 3 ақпандағы №20 қаулысымен «Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен дін саласындағы функцияларды бере отырып, «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды. Есепті кезеңде аймақта дін ахуал тұрақты сипаттағы. Бүгінде 7 конфессия өкілдері, олардың қатарында 182 мешіт, 15 шіркеу бар.

Дін істері басқармасы дін экстремизмі және терроризм профилактикасы бойынша жалпы профилактика, оналту жұмыстары, интернеттегі қарсы насихаттық шаралар секілді үш бағытта жұмыс жасайды. Қала және аудан әкімдіктері ақпараттық-түсіндіру тобының қатысуымен 200-ден астам іс-шара ұйымдастырылған. Сондай-ақ, дін мәселелеріне байланысты материалдарды интернет кеңістігінде орналастыру бағытында қала және аудан әкімдіктерінің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларынан бөлек, Дін мәселелерін зерттеу орталығының парақшалары жұмыс жасайды.

Жастарды рухани-танымдық бағытта ақпараттандыру мақсатында Дін мәселелерін зерттеу орталығынан биыл «Ona» подкаст жобасы, қазан айында «Shuаq» каналында «BAFA LIKE» бағдарламасы және «Кезексіз сұхбат» рубрикасы іске қосылды. Әлеуметтік желілерге жүргізілген мониторинг нәтижесіне күмәнді деп танылған сілтемелер дінтану сараптамасына жолданып, нақты қорытынды берілді. 2020 жылдан бері облыс әкімінің білім грантымен «Нур-Мұбарак» Египет Ислам мәдениеті университетінде «Дінтану», «Исламтану», «Теология» мамандықтарында қызылордалық 12 студент білім алууда. Дін мәселелерін зерттеу орталығы КММ жанынан құрылған «Ғылыми сарапшылық кеңестің» жыл басынан бері 2 кездесуі өткізілді. Сонымен қатар, «Дін бірлестіктері клубында» кездесулер, спорттық ойындар ұйымдастырылды.

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Биылғы жыл облыс үшін қоғамдық-саяси маңызды жаңалықтарға толы кезең болды. 2 аудан, 26 ауылдық округ әкімі сайланбағы жүйе арқылы анықталды. Жыл соңына дейін 11 ауылда әкім сайлауы өтеді.

Мемлекеттік саясаттың құрметіне, облыстың қоғамдық-саяси дамуының орталық жүйесі саналатын басқарманың жұмыс бағытына байланысты ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, аталған басқармаға екі мәрте басшылық еткен Руслан Рүстемовтің пікірін білген едік.

Қазіргі қоғамдық даму, бұрынғы ішкі саясат басқармасы жергілікті атқарушы билік пен азаматтық қоғам арасын байланыстырып, мемлекеттік саясатты өз деңгейіне сай жүргізілуіне бірден-бір мүдделі мекеме. Бұл бағытта аталған мекеме саяси партиялардың, Үкіметтік емес ұйымдардың өңір үшін маңызды әлеуметтік жобаларын жүзеге асыруына тұрақты қолдау таптырып келеді.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай аймақ көлемінде қарқынды жұмыстар атқарылғаны есімде. Әйбette, аймақтың өзіндік имиджін қалыптастыруда өңірлік БАҚ-тың орны ерекше. Осы жылдары мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының басын біріктірген «Сыр медиа» ЖШС жұмысын бастаған болатын. Сол сияқты, алғашқы электронды ақпарат құралдары іске қосылып, аймақ журналистикасының ауқымы ұлғая түсті.

Жалпы еліміздің қоғамдық-саяси даму бағытына сай Сыр өңірінде де серпінді жұмыстар атқарылып жатыр. Осы өңірдің азаматы ретінде сол жобалардың табысты жүзеге асырылуына өз тарапынан тілектестігімізді білдіремін, – деді Р.Рүстемов.

Қорыта айтқанда, қоғамдық даму басқармасы аймақтағы қоғамдық тұрақтылық, оның ішінде адам өмірі үшін маңызды рухани танымдық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-көпшілік, жобалардың уақытылы әрі сапалы іске асырылуы бағытында тұрақты жұмыс атқара береді.

